






4-сынып. Пәні: Қазақ тілі	Мұғалімі: А.Ж. Досжанова Ақсай қаласы №3 орта білім беретін мектеп
Сабақтың тақырыбы	Құстың ұясы
Мақсаты	Табиғатты аялап, қорғай білу, өз ойын жеткізе білуге талпындыру.
Күтілетін нәтиже	1. Табиғаттың адам өміріндегі қажеттілігін түсінеді. 2. Мәтінді түсініп оқиды. 3. Өз ойын қазақ тілінде жеткізе алады
Керекті жабдықтар	Сұрақтары бар қорап, АКТ мүмкіндігі, музыка, стикерлер немесе бағдаршам, түрлі түсті қағаздар.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті
Кіріспе	Оқушылармен амандасады. Назарларын сабаққа аудартады. Топқа бөлу. Ынтымақтастық атмосферасын орнату. Кезекшімен тілдесу.	Өлең жолдары арқылы мұғаліммен амандасады. Зеңгір көкпен Нұрын төккен Ортақ біздің күніміз Жайнап өскен, жайдары өскен Біз өмірдің гүліміз! Сабаққа дайындалады. Топқа бөлініп отырады. Кезекшінің мәліметі.
Тұсаукесер	Үй тапсырмасын тексеру. Жоғалған әріпті қойып, өлеңді мәнелеп оқу. «Сұрақтары бар қорап» әдісі арқылы өткен сабақтарды бекіту. 1. Төрт түлікті ата. 2. Төрт түліктің пірлерін ата. 3. Сын есім туралы айт 4. Зат есім туралы айт. 5. Жабайы жануарлар қайда тіршілік етеді? 6. Еңбекқор жәндіктердің еңбегін атап шық. 7. Ұй жануарларының пайдасы неде? Жаңа сабақты ашу. Тақтадағы суретке көңіл аударту. Суреттен не ккріп тұрмыз? 	Үй тапсырмасын топта тексеріп, бір-бірлірін бағалап, «үздік» жұмыс таңдалады. Үш тоаптан үш оқушы шығып оқиды. Топтардың бірін-бірі бағалауы. Оқушылар өздерінің таңдап алған сұрақтарына жауап береді.  Ағаш, құс, балапан, құс балапанына құрт беріп жатыр, көктем мезгілі, құстың ұясын.

	<p>Жарайсыңдар, балалар! Біздің сабағымыздың тақырыбын таптыңыздар!</p>	
<p>Негізгі бөлім</p>	<p>«Кітап – досың, ақылшын» Оқулықтағы мәтінмен жұмыс.</p>  <p>Ситуациялық сұрақ.</p> <p>Егер орманда жүрген балалар құстың ұясынан жұмыртқа алып кетпекші болса, сен не айтар едің?</p>  <p>Егер құстың ұясынан балапан түсіп қалса, сен не істер едің?</p>  <p>Арманның берген ақылы дұрыс па, бұрыс па? «Бірге ойланамыз!» әдісі.</p> <p>Жарайсыңдар! Өте дұрыс айттыңдар,</p>	<p>Топтық жұмыс. Оқушылар топта мәтінмен танысады. Орыс тіліне аударады. Сұрақтарға жауап береді. Бұл жерде топтық бағалау көрініс табады. Топтар бір-бірінің қазақ тілінде сауатты оқуын және аударма жасау қабілетін бағалайды.</p> <p>Оқушылар топта өз жауаптарымен ақылдасады. Алмаңдар, болмайды,- дер едік. Тимендер! – дер едік.</p> <p>Өзім орнына қоя алсам, қояр едім. Үлкендерді көмекке шақырар едім.</p> <p>I топ. Құстарға жем шашпай-ақ қой! Арманның ақылы бұрыс. Құстарға жем шашу керек, оларға үйшік жасау керек, әсіресе қыста оларға біздің көмегіміз өте қажет.</p> <p>II топ. Ағаштардың бұтағын сындыру керек! Ағаштардың бұтағын сындыруға болмайды! Ағаш бұтағынан жапырақ</p>

балалар! Мен сендермен
мақтанамын!

Тіл жаттыру.

Дядя – ағай

Воробей –

Серьги – сырға

Ворона –

Вечер –кеш

Петух –

Бумага – қағаз

Гусь –

Почки – бүйрек

Утка –

I топқа иттедің тапсырмасы.

II топқа аңдардың тапсырмасы.

III топқа құстадың тапсырмасын
беру.

Оқушылар тапсырмалар жақсы
орындап шықты.

«Константинополь» әдісі

ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ

10 және одан жоғары сөз «5»

7-9 сөз «4»

6-8 сөз «3»

Бұл тапсырмада «3» бағасын алған
топ болмады.

шығады, ал жапырақ бізге таза ауа
береді!

III топ.

Құстарды ату керек!

Құстарды атуға болмайды! Олар біздің –
досымыз! Олар ағаштарды жәндіктерден
қорғайды!

Балалар барлығы бірге жауап береді.

Торғай

Қарға

Әтеш

Қаз

Үйрек

Құстарды үй және жабайы етіп бөліп
атап шығады.

I топ сөйлемдірді толықтырады.



II топ семантикалық картамен
жұмыстанады.





III топ оқулықтағы 4-тапсырманы
орындайды.



Топтар бір-бірінің жұмысын тексеріп,
бағалайды.

**3 МИНУТ ШІНДЕ БАРЫНША
КӨБІРЕК СӨЗ ЖАЗЫП ШЫҒАДЫ.**

3 топтан 3 оқушы тақтаға шығып оқиды.
Мақал, ақ, таза, құмалақ...

	<p>«Синквейн» әдісі (бұл тапсырмадан балалар сүрінбей өтті. Әсіресе, ІІІ топтың «Туда қыран құс бейнеленген» деген сөйлемі ойымнан шықты.)</p>	 <p>I топ. Аққу II топ. Көгершін. III топ. Бүркіт.</p> 
<p>Қорытынды</p>	<p>«Құстар» әнін айту. Аққуды атуға болмайды! Құстың ұясын бұзуға болмайды! Табиғатты аялайық! Деген ұранмен сабақты аяқтадық.</p> <p>Үйге тапсырма: сөздерді тәуелдеу.</p>	<p>Оқушылар әнді өз нақышына келтіріп орындап шықты. Ұранды барлығы бірігіп оқып шығып, дәптерлеріне жазып алды.</p>